

**"Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға және Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға Факультативтік хаттамаға қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 5 желтоқсандағы N 1134 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға және Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға Факультативтік хаттамаға қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
К. Мәсімов*

**Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы**

**Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға және Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға Факультативтік хаттамаға қол қою туралы**

**Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :**

1. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 2006 жылғы 13 желтоқсанда Нью-Йорк қаласында қабылдаған Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға және Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға Факультативтік хаттамаға (бұдан әрі - Конвенция және хаттама) қол қойылсын.

2. Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Тұрақты өкілі Бірғаным Сарықызы Әйтимоваға Конвенцияға және хаттамаға Қазақстан Республикасының атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Президенті*

*Қазақстан Республикасының  
Н. Назарбаев*